

Баяндама

COM/SCHA/REP/001/FINAL

**АЛТЫНШЫ ОТЫРЫС**  
*14-СЕНТЯБРЬ, 2018-ЖЫЛ, БИШКЕК ШААРЫ*

**КИНО мен АНИМАЦИЯ ТҮРКІТІЛДЕС ЕЛДЕРДІҢ ТҮРКІ МӘДЕНИТ  
МҰРАСЫНЫҢ БӨЛІКТЕРІ РЕТІНДЕ (ПРОКАТ пен ДИСТРИБУЦИЯ  
қырлары)**

**I. КІРІСПЕ**


1. Түркітілдес елдердің Ынтымақтастық кеңесінің бесінші саммитінің Астана декларациясы «мүше елдер арасында ақпарат және БАҚ саласында ынтымақтастықтың дамуының маңыздылығын» баса айтады. Сонымен қатар ТҮРКПА қатысушы елдері кино мен анимация негізгі рөлдердің бірін атқаратын ақпараттық тұтастықтың маңыздылығына ерекше мән береді.
2. Өнердің барлық түрлерінің ішінде кино мен анимация адам өмірінде бірегей орын алады. Кинематография - ол бүтін әлеуметтік институт, өйткені ол, көрерменнің санасын қалыптастырып, қоғамның өміріне әсер етеді. Қоғам мен кино әлемі арасында тұрақты байланыс бар. Кино түркітілдес адамдардың тек қана менталитетін, мәдениетін және дәстүрлерін көрсетпейді, сонымен қатар ерте жастан бастап мультфильмдер арқылы, одан кейін фильмдер арқылы әсер етеді. Сондықтан біз кино мен анимация әлдеқандай деңгейде түркітілдес елдердің жаңа ұрпақтарының болашағы үшін жауапты деп айта аламыз
3. Киноиндустрия қоғамдық сананың барлығына жуық салаларын қамту мүмкін. Дәл осының өзі кино феномені болып табылады, және сондықтан кино адамдарды біріктіреді. Көптеген пайдаланушылар үшін арналған фильмдерді шығарудың, оның ішінде анимацияны, арқасында, мысалы, түркітілдес елдердің тарихын мазмұндау аса ыңғайлы болады. Мультфильмдер арқылы біз түркітілдес елдердің тарихынан білім беретін, танымдық заттарды жеткізе аламыз.

4. Адам өзінің тарихы жайында қаншалықты көп білетін болса, ол өзін соншалықты батыл сезінеді, оған қоса өзі өмір сүретін қоғамда үйлесімді әлеуметтенеді.
5. Анимациялық фильмдер балалардың мінез-құлықтарына байыпты әсер етеді және олардың зияткерлік және эмоциялық дамуында маңызды рөл атқарады. Ересектердің әрқайсысында бала кезінде мультфильмнің өзінің сүйікті кейіпкері болды.
6. Бірақ соңғы жалдары кейбір түркітілдес елдердің кинематографшылары мен аниматорлары бизнес мәселелерінің салдарынан және техникалық жабдықтаудың қымбаттылығы, салық кедергілер, цифровизациялау, еңбекпен баулу, жерлердің қымбат жалгерлік ақысы сияқты мәселелерде мемлекеттік қолдаудың болмауынан өздерін оңаша қалған болып сезінеді.
7. Осы есептеменің мақсаты болып кино мен анимациядағы жалпы жағдайды, оның ішінде ТҮРКПА қатысушы елдердің заңнамалары саласындағыны, бағалау, сонымен қатар осы мәселелер бойынша модельдік құжаттар жобалары арқылы ТҮРКПА мүше елдері арасында өңірлік ынтымақтастық басымдарды әзірлеу табылады.

## **II. КИНО мен АНИМАЦИЯ (прокат және дистрибуция)**

8. ТҮРКПА мүше елдерінің (Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия) кинематография саласындағы мемлекеттік саясаты келесі қағидаларды ұстанады:
  - а) ұлттық фильмдерді шығару, пайдалану, тираждау, прокатқа беру, көрсету және сақтау үшін жағдайлар жасау;
  - б) ұлттық фильмдердің таралуын (дистрибуциясын) ынталандыру және қолдау, оның ішінде шетелде;
  - в) кинематография саласында ұлттық тілдерді дамыту және сақтау үшін жағдайлар жасау.Ұлттық фильмдер мен мультфильмдерді дәл прокатқа беру және дистрибуциялау саласында ТҮРКПА мүше елдерінің ақпараттық бірігуі үшін орасан зор әлеует бар. Фильмдерді дистрибуциялау және прокатқа беру- ол бизнес саласы екендігін ескеретін болсақ, түркі әлемнің мәдени мұрасының байлығын көрсететін және ТҮРКПА мүше елдерінің көрермендерінің мәдени-әлеуметтік бірігуіне мүмкіндік туғызатын киножобалар саласы үшін жеке меншік және мемлекеттік серіктестіктің сәтті өзара әрекеттесуі үшін жағдайлар жасау аса маңызды болады.
9. Әлемдік тәжірибедегі дистрибуцияның («таратылу» дегенді білдіреді) және фильмдерді прокатқа беру сұлбасы шамасымен келесідей болады. Нарықта көбінесе мейджор деп аталатындар белсенді жұмыс атқарады, яғни, ірі голливудтық студиялар — SonyPictures, Disney, Universal, WarnerBrothers және басқалары. Оларда кино шығарудың және түпкі тұтынушыға өнімді жеткізудің

сұлбасы бұрыннан бері жұмыс істеп келеді, олардың бөлімшелері әр ірі өркениетті елде бар. Жеке жағдайларда ірі студиялар - мейджорлар кинопрокатта басқа елдердегі серіктестік агенттермен бірге жұмыс істеуді артығырақ деп есептейді. Тәуелсіз кинодистрибуция жүйесі кішірек- онда ең алдымен продюсер (немесе продюсерлік компания) жобаны іздеп табады және әзірлейді. Одан кейін бюджетпен анықталады, жеке меншік инвесторларды немесе жұмсақ ақша деп аталатынды іздеп табады - қорлардан және мемлекеттен. Шетелде продюсер өзінің меншікті ақшасын сирек салады- тек қана төтенше жағдайларда ғана.



10. Ірі компания фильмді өндіріске қосқанда ол оның алғашқы көрсетілім күнін біліп тұрады (бір-бір жарым жылдан кейін), пленканың бір де метрі әлі түсірілмеген болса да және сандық суреттің бір де бір гигабайты болмаса да. Аса мол қаражат жұмсалатын жарнамалық науқан жұмысын бастайды. Картина көрсетілетін болатын әр елдегі өкілдіктер де оның шығарылымына дайындалады. Бүкіл жыл күндер бойынша жазылып қойылған, оған қоса студиялар уақытта ұшыраспау үшін, бір-бірімен бәсекелеседі: бір күнде ұқсас типаждағы фильмдер ұшыраспау қажет - мысалы, бір аудиторияға бағдарланған екі комедия. Әр кинофестивальда студиялар фильмдерден тизерлер, қиындылар, трейлерлер, үзінділер көрсетеді. Осы фильмдерді прокатқа жіберетін барлық кинотеатрлар бір жылға бұрын жұмыстарын жоспарлап қояды. Олар үлкен көріністік фильмдерде өздерінің негізгі ақшасын табатынын өте жақсы біледі, сондықтан мейджорлар картиналары оларда ерекше басымдыққа ие болады.

11. Бірнеше негізгі кинонарықтар бар- Берлин кинофестивалі кезінде өткізілетін еуропалық (EFM), LeMarché du Film — Канн фестивалі кезіндегі және қарашада Лос-Анджелесте өткізілетін американдық (AmericanFilmMarket). Онда тәуелсіз студиялар немесе сатушы компаниялар (sales-houses) өздерінің дайын және әлі түсірілмеген фильмдерін сатады. Өндіріске енгізілген картиналардың сценарийлері бүкіл әлемдегі әлеуеттік сатып алушыларға жіберіледі. Шындығында дистрибьюторлар тектерді сатып алады: экранда көрсетілетін кітап авторын, уақытпен тексерілген режиссерді, танымал артiстерді және тағысын тағылар. Картинаны дистрибуциялауға құқықтар көбінесе көбірек ақша ұсынғандарға көшеді. Фильмді сатып алған тәуелсіз дистрибьюторлар таспаны өзінің аймағында прокатқа береді- өз бетімен (егер өзінің кинотеатрлық бөлімшесі болса) не ірі компанияның немесе мейджордың көмегімен. Соңғы жағдайда кинопрокаттық міндеттемелерді өзіне жүктеген компания өзіне алымдардан 10–17 % қалдырады.
12. Фильмнің кинопрокатынан түскен пайда сомасының жартысын ылғи кинотеатрлар, жартысын- дистрибьюторлар алады. Өзінің жартысынан дистрибьюторлар оған фильмге құқықтарды сатқан компаниямен бөлінісу қажет. Оған қоса, сатушы ТВ-сатылымдардан, бейнедисктерден және интернет-прокаттан оған түсетін пайыздық сомалардан орасан зор мөлшерін алады. Пайыздық арасалмақ сатушының ережелеріне және дистрибьютор сатып алған шарттарға байланысты болады. Ол 50-ге 50, 30-ға 70 немесе 20-ға 80 - дистрибьютордың пайдасына болу мүмкін.
13. Прокаттаушылар фильмді көрсетуге шектеулі құқықтарды анағұрлым жиірек сатып алады. Бұл жағдайда үлестен тағы лицензиялаушылардың үлесі шеттеледі, сондықтан дистрибьюторлар тек қана комиссиялық алым алады (кассалық алым сомасынан 7,5%-дан 15%-ға дейін), ал қалғаны- 35%-тен 40%-ға дейін- картинаны шығарушылар табады. Кинотеатрлардың, прокаттаушылардың және фильм шығарушылардың пайда үлестерінің арасалмағы тараптардың жеке келісушіліктеріне байланысты болу мүмкін. Оған қоса, кинотеатрлар басқа да шығындарға батады, мысалы, авторлық құқық үшін аударымдар, сатулардан бюджетке салық аударымдары.
14. Дистрибьюторлық компаниялар фильмді бес-сегіз-он бес жылға сатып алады. Осы уақыттың ішінде олар фильммен қалағандарының бәрін істейді: телеарналарға, онлайн-кинотеатрларға сатады, бейнедискілерде шығарады. Олар фильмнен барлық мүмкінді сығып алу қажет, өйткені сатып алу алдында сатушы студияға ең төмен мөлшердегі кепілдікті (немесе MG) — пайда табу үшін орны толтырылу қажет болатын тиянақталған соманы төлейді.

15. Сандық технологиялар және, әсіресе, Ғаламтор киноиндустрияны терең түрлендіреді. Қысқа мерзімді болашақта сандық технологияларды кеңінен пайдалану құнды құрудың бүкіл тізбегіндегі шығындардың айтарлықтай қысқартылуына апарау мүмкін. Сандық фильмнің жеткізілуі, құнды құрудың бүкіл тізбегіндегі бейнежарнама дүкендерінің және басқа орта қабаттардың ұзақ мерзімді күн көрісіне қауіп төндіріп, физикалық фильмдерді, бейне және DVD-дискілерді ығыстыру мүмкін.
16. Кинозалдарды 3D-фильмдер көрсету үшін қайта жабдықтау кинотеатрлардың бірінші кезектегі мақсатына айналады. Кинотеатрлардың заманауи жоғары технологиялық проекциялық жабдықпен жабдықталуы жаңа буындағы кинофильмдерді көрсету мүмкіндіктерін кеңейтеді, бұл да көрермендердің келу көрсеткішіне әсер етеді. Жыл сайын кинофильмдердің кассалық алымдары 3D-фильмдерді прокатқа беру арқасында өседі.
17. Инвестициялардың қайтарылу тұрғысынан отбасылық фильм жанрлары мен комедиялар ең жақсысы болып табылды, яғни, оларды жасөспірімдер ересектердің сүйемелдеуінсіз көру мүмкін. Қорқынышты фильмдер кинопродюссер үшін ең тәуекелді жанр болып шықты. Фильмдегі жағдайдың танымал болғаны аса маңызды. Аудитория үшін үйреншікті емес орын мен уақыт жағдайларын толық үйреншіктіге өзгерткенде табыс 11–13%-ға жоғарлайды.
18. Кинотеатрдың табысының айтарлықтай көзі болып жарнама да табылады. Кинотеатрларда жарнамадан түсетін орташа табыстар жалпы табыстың 3-5% құрады, тек қана ең сәтті кинотеатрларда босы цифра 15 және одан астам пайызға жету мүмкін, бұл айтарлықтай сомаларды құрады. Көбі кинотеатрлардың өздерінің белсенділігіне байланысты болады. Бұнда фильм басталу алдындағы жарнамалық роликтер, БАҚ-мен бірге жүргізген науқандар және көптеген басқасы болу мүмкін.
19. ТМД елдерінің киноиндустрия нарығын талдау талпынысында басты кедергі болып жеке алынған аймақтардағы кассалық алымдар бойынша деректердің қол жеткізгісі болып табылады. Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан сияқты мемлекеттерде кинопрокат киноиндустрия сегменті ретінде жаңа ғана пайда бола бастаған. Тура сол кемшіліктер мен мәселелер осы елдер үшін ортақ болып табылады. Кинотеатрлардың бәрі фильмдерді көрсетуден түскен табыс тараптар арасында белгілегеннен арасалмақта үлестірілетін ашық сұлба бойынша жұмыс істей бермейді. Көбінесе прокаттаушылар тияқтаналған бағаға прокаттың нәтижелеріне байланысты болмайтын құқықтарды сатады.

### III. КИНО мен ЗАҢНАМА ТҮРКПА МҮШЕ ЕЛДЕРІНДЕ

#### ӘЗІРБАЙЖАН

- 20.2018 жылғы тамызда эзирбайжан киносына 120 жыл толды, 1898 жылғы 2 тамызда шығарылған алғашқы үнсіз киносымен Әзірбайжанның кинодағы ұзақ тарихы бар
- 21.Әзірбайжанның Мәдениет министрі Абульфас Гараевтың айтуынша, 2014-2017 жылдар ішінде 48 елде ұйымдастырылған 128 фестивальдарда 219 рет қатысқан 26 эзирбайжан фильмі 49 кинонаградаға ие болды. Кино саласындағы қызықты жобаларды тек қана мемлекеттік киностудия емес, сонымен қатар жеке меншік продюсерлік компаниялар да жүзеге асырады. Сонымен қатар ол жақын арада киноқоғам өкілдері мен мамандарының қатысуымен эзирбайжан киносы дамуының жаңа тұжырымдамасы дайындалып жатқанын көрсетті.
- 22.Әзірбайжан кино өнерінің даму тұрғысынан Әзірбайжан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 4 тамыздағы "Әзірбайжан киносының дамуының 2008-2018 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" Өкімі қызығушылық тудырады. Мемлекеттік бағдарламада киноның барлық салаларын дамуы бойынша іс-шаралар көрсетілген, бірақ олардың ішіндегі ең үлкені және маңыздысы «Әзірбайжанфильм» киностудиясының материалдық-техникасын нығайтумен байланысты.
- 23.Мәдениет және туризм министрлігінің насихаттау және тіркеу бөлімі директоры Юсиф Шейховтың айтуынша, киножабдықтың тозуынан түсіру топтары, продюсерлік орталықтары техниканы шетелден жалға алуға мәжбүрлі, бұл киноөндіріске жұмсалатын шығындарды жоғарлатады. Оның айтуынша, мемлекеттік бағдарламада көзделген іс-шаралардың бірі "Низами" кинотеатрын жаңғыртуда болады. Бірнеше залдан тұратын "Низами" кинотеатрына халықаралық кинофестивальді өткізу орталығы мәртебесі берілген.
- 24.Әзірбайжандағы кино тілі. Baker&McKenzie Халықаралық заң фирмасы Әзірбайжан Республикасының заңнамасы шетел фильмдерін оны кинотеатрларда көрсету алдындағы дубляждау мен эзирбайжан тіліне аударылуына қандай болса да талап қоймайтынын көрсетіп кетті. Сонымен бірге Конституцияның «Ресми тіл» деп аталған 21 бабында Әзірбайжан Республикасының ресми тілі болып эзирбайжан тілі табылады, ал Әзірбайжан Республикасы ресми тілдің пайдалануына, қорғалуына және дамуына кепіл береді деп айтылған. Бірақ Конституцияның 21 бабының 2 тармағы Әзірбайжан Республикасы оның халықты сөйлейтін басқа тілдердің тәуелсіз пайдалануына және дамуына кепіл беретінін көздейді. Яғни, кинотеатрлар эзирбайжан тұрғындар сөйлейтін басқа тілдердегі фильмдерді көрсете алады. Сонымен бірге

ресми тілді қорғау мақсатында Әзірбайжан Республикасы Мәдениет және туризм министрлігі елдің кинотеатрларында көрсетілетін барлық фильмдерді әзірбайжан тіліне аудару туралы, және де кинотеатрларда фильмдерді көрсететін компаниялардың аударма жұмыстарын министрлікке ұсынуы туралы жарғы қабылдады.

25.«Нариманфильм» кинокомпаниясының директоры Нариман Мамедовтың айтуынша, әзірбайжан кинематографының мәселесінің біреуі болып әзірбайжан фильмдерді ел ішінде, сонымен қатар одан шет дистрибуциялау жүйесінің болмауы табылады. Осы мәселені шешу үшін, "Әзірбайжан киносының дамуының 2008-2018 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы" ережелерін басшылыққа алып, "Нариманфильм" кинокомпаниясы, Әзірбайжан Республикасы Мәдениет және туризм министрлігінің, PashaBank, Әзірбайжан Республикасы Кинематографшылар кеңесінің, Әзірбайжан Продюсерлер гильдиясының, "Низами" Кино орталығының қолдауымен AzCinemaOnline.AzCinemaOnline интернет-кинотеатрын әзірледі және құрды ([www.azcinemaonline.com](http://www.azcinemaonline.com))- қызметі әзірбайжан киносын, телевидениесін және жалпы әзірбайжан мәдениетін әлемдік нарықта, әлемдік аудитория арасында жылжытуға және дәріптеуге бағытталған ұйым. AzCinemaOnline- көрсету және тартауға бағдарланған интернет-кинотеатр ретінде құрылған.

26.*Заңнама.* "Әзірбайжан киносының дамуының 2008-2018 ж. ж. арналған мемлекеттік бағдарламасынан басқа" Әзірбайжан Республикасының «Кинематография туралы» Заңы бар (1998 ж. 3 шілде), ол кинематографияны, кинематографиядағы жеке және заңды тұлғалармен байланысты құқықтар мен міндеттерді мемлекеттік қорғаудың нысандарын анықтайды, кинематографияны қорғау және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың заңдылық кепілін құрады. Заңның 3 бабында кинематография саласындағы халықаралық ынтымақтастықты көтермелеу туралы айтылған

## **ҚАЗАҚСТАН**

27.Қазақстандағы киноиндустрия өзінің басталуын кеңестік насихаттау үшін құрал ретінде пайдаланылу үшін әзірленген 1930-ы жылдары Алматыда деректі фильмдерді шығарудан алады. Соғыстан кейінгі кезеңде Қазақ КСР киноиндустриясындағы басты тұлға ретінде 1984 жылы «Қазақфильм» киностудиясы атауын оның құрметіне (сол уақытта тарихи эпикалық «Қыз Жібек» фильмі шықты) өзгерткен режиссер Шәкен Айманов болған. Кеңес Одағында 1980-ы жалдарда қайта құру кезінде жас қазақстандық кинематографшылардың жаңа толқыны пайда болды. Заманауи қазақ

режиссерлері Рашид Нұғманов, Ақан Сәтаев әлемдік кинематографқа кеңінен танымал.

28. Қазақстандық кинематографта үш сектор. 1) мемлекеттік сектор- мемлекеттік тыпсырыстарды (президент туралы тетралогия, Қазақ хандығының 550-жылдығы туралы фильмдер сериясы) орындауға ықылас салатын «Қазақфильм» киностудиясы. 2) соңғы жылдары өзінің қызметін белсендірген коммерциялық сектор (өз шығынын өзі өтейтін кино)– «Кемпір», «Келінка Сәбина» және т. т. т. б. (комедиялар, фэнтэзи, психологиялық драма). Бұл киноларды заманауи, жас, жеткілікті өршіл, кинонарықтың заңдарын білетін, әдістерін біліп пиар-науқанды, жарнаманы пайдаланатын, фильмдерді өндіруге жұмсалған шығындардан «құтқарып қалған» адамдар жасайды. 3) бюджеттері төмен болатын фильмдерді түсіретін шағын жеке меншік киностудиялар (артхаустық кино) - прокат үшін емес, ақша алымы үшін емес арналған. Әдетте, бұл кинофестивальдарда көрсетілетін әлеуметтік маңызды картиналар. Әр секторда жылына 5-6 картинадан өндіреді. Сонымен бірге мемлекеттік сектор фильмдерді шығаруға миллиондаған доллар жұмсайды; коммерциялық сектор өзінің шығындарын өзі өтейді; арттаустық, әдетте, өте аз ақша жұмсайды, бірақ бұл ақша қайтарылмайды.

29. «Қазақфильм» киностудиясының құрамындағы **Кинопрокат және дистрибуциялау орталығы** Айдархан Әділбаевтың басшылығымен картиналардың кинотеатрлық және телевизиялық прокатын ұйымдастырумен, DVD/BlueRay пішімдегі фильмдердің дистрибуциясымен айналысады. Орталықтың жауапкершілік аясына сонымен қатар фильмдердің жарнамалық жылжуының тұжырымдамасын әзірлеу мен жүзеге асыру және кино, ТВ және DVD нарықтарын талдау кіреді.

30. Жеке меншік қазақ продакш-компаниялардың картиналарын прокатқа беруді не өндірушілердің өздері жүзеге асыруға тырысады, немесе Қазақстан нарығында әрекет ететін дистрибуторлық компаниялар қолдарына алады. Олардың арасында шетел компаниялардың қосалқы мердігерлері мен филиалдары, сонымен қатар қазақ прокаттаушылары да кездеседі. Олардың ең ірілері «Меломан» (Қазақстан аймағында WarnerBros. HomeVideo, SonyPicturesHomeEntertainment, WaltDisneyPictures, 20<sup>th</sup>CenturyFoxHomeEntertainment, UniversalPictures, ParamountPictures, DreamWorksPictures өнімдеріне айрықша құқықтарға ие), «МаксиМин», «Киномакс», «Кинополис», «Prof-фильм», «Интер-Фильм» (2004 жылдан бері «Централ Партнершип» компаниясының Қазақстандағы айрықша өкілі) және «Каравелла DDC».



31. Мәселелердің біреуі осы фильмдердің азғантайы ғана Қазақстанда кеңінен жарияланғанында болып тұр. Отандық дистрибьюторлар дубляждалған голливудтық блокбастерлерге және ірі бюджетті ресейлік фильмдерге сенім артуды басым көрді, нәтижесінде қазақстандық кино тәуелсіздіктен кейін Қазақстан экрандарында емес, батыс арт-үйлерде және халықаралық жарыстарда табылатын бедел сияқты құрған болғандай. Кинотеатрлардың алымдары жылына 10 млрд. теңгеден асып кетеді (ағымдағы бағам бойынша- 30 АҚШ миллион доллардан сәл көбірек). Және кассалық алымдардың тек қана 7% қазақстандық картиналарға кетеді. Ортақ бокс-кеседегі қазақ өндірісінің картиналарының үлесі 2008 ж. 0,5%-дан (100 мың АҚШ дол.) 2010 ж. 10%-ға дейінгі (шамасымен 5 млн. АҚШ дол.) қатты ауытқуларға шалдығады. Бұл дерек елде отандық фильмдерге деген тұрақты сұраным қалыптаспағанын куәландырады. Дистрибьютор компаниялар Қазақстанда шығарылған картиналарды прокатқа енгізу тәуекеліне жиі бел бумайды, өйткені олардың көбі шығындарын өте алмайды.
32. *Статистика.* Қазақстанда жылына 250 картинадан астам шығаратын 35 киноөндірістік ұйымдар жұмыс істейді, телевизиялық және меншік жобаларды қоса алғанда. Кинокөрсетілімді 247 залы бар және 368 жылдымалы және тұрақты орнатылған қондырғылары бар 93 кинотеатр қамтамасыз етеді.
33. *Ең ірі киностудиялар:* «Қазақфильм» студиясы- Кеңес Одағы кезінен бері Мәдениет министрлігі тарапынан қаржыландырылатын мемлекеттік компания; «**EurasiaFilmProduction**» («Еуразия» Киноөндірісі)- Қазақстандағы жетекші жеке меншік кино шығаратын компания («Евразия Фильм» компаниясы шығарған «Моңғол» фильмі 2008 жылы «Оскар» шетел тілдегі ең үздік фильмі аталған, дәл сол жылы Каннда «Қызғалдақ» Гран-при алды); **SataiFilm** - Қазақстан кинорежиссерлерінің жетекшілерінің бірі және Алматы кинофестивалінің президенті Ақан Сәтаев іске қосқан және басшылық ететін Алматыдағы тағы бір жетекші кинокомпаниясы.
34. *Қазақстандағы кино тілі.* Дубляждау- Қазақстан үшін жаңалық емес, бірақ әлі күнге дейін сирек кездеседі. Қазіргі кезде Парламент дистрибьюторлардан фильмдерді қазақстандық аудитория үшін қолжетімді жасауды талап ететін заңнаманы қарастыруда. Жаңа ережелер кинематографшылар мен кинотеатрлар Қазақстанда шетел тілінде көрсетілетін барлық фильмдерді дубляжбен немесе, тым болмаса, қазақ тілдегі субтитрлермен кепілді қамтамасыз етулерін талап ететін болады. Кейбір сарапшылар дубляж тек қана кассалық алымдары қосымша шығындарды кепілді өтейтін блокбастерлерге қатысты жарамды деп санайды.
35. *Заңнама.* 2017 жыл отандық киноиндустрия үшін айрықшаланған жыл болды. Екі маңызды құжатқа бастама берілді- біздің киномызға мемлекеттік қолдау

шараларын бекітуге міндеттелген алғашқы салалық заңға және Кинематографияның 2050 жылға дейінгі дамуының тұжырымдамасына. Қазір киноиндустрия «Мәдениет туралы» Заңның (Law of the Republic of Kazakhstan On Culture December 15, 2006 No. 207-ІІІЗРК) алты бабымен реттеледі, анық ұғымдық аппарат жоқ, киноны өндіру, прокатқа беру, дистрибуциялау, өткен жылдардың бірегей кинотоптамасын сақтау, тираждау, оны сандау саласындағы өзара әрекеттесудің барлық қырларын ашатын нормалар жоқ. Мәжіліс депутаттары «Кинематография туралы» заң жобасын қарап талқылауда. Басты мақсаты- отандық киноиндустрияны пайдалыға айналдыру және сонымен бірге оның өзіндік ұлттық сипатын сақтап қалу. Депутаттардың пікірі бойынша, барлық өзекті сәттерді толық қарап анықтау қажет: қаржыландырылуын, мемлекеттік тілге аударылуын, ең үздік сценарийлерді құру және іріктеуді, сонымен қатар сарапшыларды тартуды. Қазақстанда жергілікті картиналар прокаттаушылары үшін әзірші жеңілдіктер жоқ. Заң жобасына кинематографты мемлекеттік қолдау туралы, отандық картиналар прокаттаушылар үшін артықшылықтар мен жеңілдіктер туралы ережелер енгізілген. Қазақстан кинотеатрларында жергілікті режиссерлердің фильмдері не тәнертең ерте, не кештің соңғы бөлігінде көрсетіледі (шетел кинокомпаниялары өздерінің фильмдерін көрсету үшін прайм-тайм талап етеді). Прокаттаушылар елдің кейбір аймақтарында жергілікті киноны көрсетуден мүлде бас тартады. Қазақстандық киноиндустрияны қолдау үшін "Кинематограф туралы" заң жобасы киноөндірушілер үшін салық жеңілдіктер беруге және кинотеатрлар үшін ҚҚС-тан босатуға көндіріп отыр.

36.2016-шы жылдың ішінде Мәскеуде, Алматыда және Астанада қоғамдық тыңдаулардан өткен Кинематографияның 2050 жылға дейінгі даму тұжырымдама жобасы әзірленді. Сала дамуының негізгі тәсілдемелері, атап айтқанда, кинематографиялық ұйымдар арасындағы атқарымдары ажырату, инфрақұрылымдық түрленірулер, қосарлы өнімді дамыту үшін және оның прокаттың әлемдік нарығына шығуы үшін жағдайлар жасау анықталды.

37.*Кино саласындағы білім беру:* Қазақ Ұлттық Өнер академиясы және Қазақ Ұлттық Өнер Университеті.

38.*Кинофестивальдар:* 1) International Astana Action Film Festival, 2) Shaken's Stars, 3) Eurasia International Film Festival.

39.Сарапшылардың заманауи жағдай туралы пікірлері. 1) режиссер Қанағат Мұстафин тәуелсіздік жылдары кинематографқа қызықты идеялары бар көптеген жасампаз адамдар келді деп санайды. Ол елімізде мықты сценарийшілер жетіспейді деп сенімді. 2) Қазақстан Кинематографшылар одағының қосарлас

төрағасы Ахат Ибраев халықаралық және отандық инвесторлар үшін салық жеңілдіктерін енгізу арқылы саланың инвестициялық тартымдылығын құру жергілікті кадрлардың біліктілігін жоғарлатуға, кино шығару көлемнің жоғарлауына, білім беру жүйесінің жаңғыруына, фильмдердің сапасын жақсартуға апарады деп сенімді. Жеңілдіктер- ҚҚС болдырмау, Кеден Одағы шегінде енгізілетін киножабдыққа кедендік баждардың нөлдік мөлшерлемелері. Оның сөзінше, ақшалай емес қолдауды қарастыру қажет: қосарлас өнім туралы мемлекетаралық шарттарды жасасу, түсірілімдерге инвестициялар шетелден келгенде, кинотеатрларда фильмдарды шығару арасындағы және өткізудің басқа арналарындағы мерзімдерді реттеу. Сонымен қатар ол телеарналардың киноиндустрияға тартылуының және мүдделіліктерінің маңыздылығын баса айтып өтті. 3) Рашид Нұғманов фестивальдік қозғалысты дамыту қажет деп санайды.

## **ҚЫРҒЫЗСТАН**

40.1941 жылғы 17 қараша, кейінгіде «Қырғызфильм» деп атауын өзгерткен «Фрунзе» киностудиясын құру туралы жарғыға қол қойылғанда, Қырғыз киносының туған күні болып саналады. Тұңғыш қырғыз түрлі-түсті фильмі 1955 жылы түсірілді және «Салтанат» деп аталды. Қырғызстанның алғашқы блокбастері «Құрманжан Датка» (режиссері Садық Шер-Нияз) қырғыз кинематографының «жедел» жобасына айналды.

41.Қырғыз авторы Шыңғыс Айтматов қырғыз киносының дамуында негізгі рөл атқарды. Ол жиырма жылдан астам Қырғыз кинематографшылар одағының басшысы болғанынан басқа, оның романдары мен сценарийлері елдің көптеген классикалық фильмдерінің негізі болды, сонымен қатар эстетикалық үлгі саналды.

42.*Статистика.* Мемлекеттік жүйеде Т. Өкеев атындағы «Қырғызфильм» Ұлттық киностудиясы жұмыс атқарады (директоры С. Герасимов атындағы БМӨИ түлегі - Г. Керімова), «Қырғызфильмофонд» РМФҚ бар (директоры У. Айталиев), Ш. Айтматов атындағы Республикалық Кино үйі (директоры- Т. Күлмендеев), 7 облыстық, 24 аудандық және қалалық кинодирекциялар бар. Мемлекеттік кино желісі келесі көрсеткіштермен сипатталады: кинотеатрлар саны- 38, 28 тұрақты орнатылған қондырғылар, 13 автокиножылжымалы қондырғы, келіп кетудің саны- 1000 адамға 72. Өндірістің отандық құрылымы құрылған сәттен бастап мемлекеттік студияда әртүрлі жанрлардағы 800 жуық фильм шығарылған, оның ішінде толық метражды ойындықтар- 150 шамасында, деректі және ғылыми-көпшіліктер- 600 шамасында, мультипликациялықтар- 50 шамасында, киножурналдар- 45.

43. *Заңнама.* Мәдениет министрлігінің талаптарына сәйкес нормативтік-құқықтық актілерге түгендеу жүргізілді, Т. Өкеев атындағы «Кыргызфильм» Ұлттық киностудиясының Жарғысы бекітілді. 2011 жылдан бастап Ыстық көл облысында тек қана кино қайтаркерлерін емес, сонымен қатар туристтерді тарта алатын «Киностан» еркін экономикалық аймақты құру туралы заң жобасы белсенді талқылануда. Басты мақсаты болып ең үздік ұлттық дәстүрлері, Қырғызстан елінің бірлігінің идеясы, зорлық, қаталдық және ұлтаралық араздыққа табынуды қабыл алмау көрсетілген фильмдерді шығару мен жылжыту табылатын Ұлттық кинематографияның 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы дайындалды және бекітілді. ""Қырғыз Республикасының кинематографиясын мемлекеттік қолдау туралы" ҚР Заңын орындау туралы" мәселе бақылауда ұсталынады.

44. *Фестивальдар.* 1) 2005 жылдан бастап «Кыргызфильм» киностудиясында жас кино форумдары өткізіледі, 2) Қырғызстан мен Орта Азия кинематографшыларының жаңа жұмыстары көрсетілетін «Киностан» Халықаралық авторлық кинофестивалі. 3) 2013 жылдан бастап Қырғызстанда Кинематография департаментінің қолдауымен жас кинематографшыларды қолдау, жаңа фильмдерді халықаралық кинофестивальдарда жылжыту, бейінді ЖОО-мен бірлесіп әрекеттесу мақсатында жас киноның «Үміт» көктемгі форумы өткізіледі. 4) Қырғызстанның Халықаралық фестивалі (The International Film Festival Kyrgyzstan) директор, продюсер және қоғам қайраткері Садық Шер-Ниязбен құрылған болатын. Жыл сайын Фестиваль Айтыш Қоғамдық қорымен, «Айтыш» фильмімен және Қырғызстан Кинематографшылар одағымен өткізіледі. Жыл сайын фестиваль Бішкектегі «Манас» кинематографиялық залында өткізіледі. Кинофестивальдің ресми тілі болып орыс тілі табылады. Фестиваль бұрынғы Кеңес Одағынан, Грузия мен Балтия елдерін қоса алғанда, барлық қысқа фильмдерді қабылдайды (деректі фильмдерді, анимацияларды және тірі көрсетілімдерді қоса алғанда). Фестиваль өзіне екі бағдарламаны қамтыған: Халықаралық және Ұлттық байқау.

45. *Кадрлық саясат.* 2007-2009 жж. Кинематограф дамуының қоғамдық қоры «Манас» Қырғыз-Түрік университетімен бірге «Режиссерлерді даярлау курстары» жобасын ҚР мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, кинорежиссер мен актер А. Сүйіндіковтың басшылығымен тәжірибелі кинематографшыларды тартумен жүзеге асырды. Осы жобаның аясында бірнеше оңдық деректі және ойындық қысқа метражды фильмдер- көптеген халықаралық кинофестивальдер лауреаттары түсірілді. 2008 жылдан бастап режиссер Э. Әбдіжапаровтың басшылығымен жыл сайынғы шеберлік кластары өткізіледі. Оқыту қорытындылары бойынша курстар тыңдаушылары орындаған ең үздік

киножұмыстар фестивалдары ұйымдастырылды. 2012 жылы Кинематограф дамуының қоры отандық және шетел кино шеберлерін тартумен кинопродюссерлер үшін арналған оқыту жоба жүзеге асырылды (басшысы-режиссер Ш. Джапаров). 2013 жылдан бастап режиссер Т. Бірназаров авторлық оқыту курстарды ашты.

46. *Киносыйлықтар*. 2012 жылы әйгілі киноқайраткерлер тобы, олардың ішінде А. Сүйіндіков, Ақтан Арым Құбат, М. Сарулы, С. Шер-Нияз, Т. Құлмендиев, Т. Бірназаров, Н. Әбдіқадыров және Э. Әбдіжапаров, Қырғызстан тарихында кинематография саласында 12 номинация бойынша ең үздік кәсіби жетістіктер үшін жеке тұлғалар тобымен жарияланған тұңғыш сыйлық болған «Ақ Илбирс» Ұлттық киносыйлықтың жария етті. Олардың арасында «Ең үздік фильм», «Ең үздік сценарий», «Ең үздік режиссер», «Ең үздік оператор», «Ең үздік суретші», «Ең үздік композитор», «Ең үздік дыбыс режиссері», «Ең үздік ерлер рөлі», «Ең үздік әйелдер рөлі», «Ең үздік продюсер», «Ең үздік көрермендік фильм», «Ұлттық кинематографқа қосқан көрнекті үлес үшін».

47. *Кинотоптама*. Кинематограф дамуының қоры Т. Өкеев атындағы «Қырғызфильм» Киностудиясымен бірлесіп он фильмнан тұратын «Қырғыз ғаламаты» кинотоптамасын құрастырды: («Аптап» (1962), «Қиын өткел» (1964), «Алғашқы мұғалім» (1965), «Біздің бала шағымыздың аспаны» (1966), «Жер ана» (1967), «Қараш өткеліндегі атыс» (1968), «Тосқауыл» (1969), «Ақ кеме» (1975), «Қызыл алма» (1975), «Әйелсіз ерлер» (1981)).

## **ТУРКИЯ**

48. Түркияда кино 1890-ы жылдардың аяғында пайда болса да, Түркиядағы киноөндірістің нақты басталуы кейінірек, 1914 ж. болған. Түрік фильмдердің техникалық деңгейі әлемдік стандарттарға жетті, және университеттердің киностудияларын бітірген жас адамдар түркі кинода үстем бола бастады. Бүгінгі күні Түркия киноөндіріс көлемі бойынша Еуропа елдерінің алғашқы ондығына кіреді. Түркияда киноиндустриямен байланысты соңғы маңызды оқиға болып Анкарада 2000 жылы үш өлшемді Ітах кинотеатрды салу табылды. Әлемнің тек қана 24 ірі қаласында Ітах залдары бар.

49. Бүгінгі күні түрік киносы шет елдерде, сонымен қатар жетістіктерді мойындайтын және сыйлық беретін халықаралық кинофестивалдарда алуан зор танымалдыққа ие болған заманауи өнерге айналды. Түрік кинематографының ұлттық ерекшелігінің қалыптасу үдерісі, өткен ғасырдың басынан 1980-ші жылдарға дейін созылып, айтарлықтай ұзақ болды.

50. Қазір Түркия, өзінің батыс серіктестіктерінен заңнамалық деңгейде қатты артта қалса да, дамыған прокаттық нарығын мақтаныш ете алады. Мұнда жағдайды

өзгерту үшін кинематографты қолдау туралы жаңа заңмен жұмыс істелуде, жергілікті кино өзінің «рауандық шағын» сезінуде. Статистика бойынша тіпті голливуд блокбастерлері осында үлкен экранға шығарылатын фильмдердің жергілікті өндірістің үштен бірінен жартысына дейінгі көлемді құратын комедияларына деген қызығушылақтан аса алмайды. Бүгінгі таңда Түркия өзінің көрерменіне бағдарланған.

51. Еуропалық аудиобейне зертханасының деректері бойынша, 2013 жылдағы күй бойынша түрік прокатына шығарылған 355 фильмнің 90% ұлтта өндірілгендер, тағы 8% мажоритарлық қосалқы өнімдер, 2%- миноритарлық өнімдер болған.

52. *Дистрибуция.* Түркияда нарық үлесінің 41% құратын 10 мейджор-дистрибьюторлар бар- ол Cinemaximum, Avsar, Prestige, Pink, Site, Cinemarine, Cinens, Cinetech, Cinetime және Cinacity. Antrakt Түрік талдамалық компаниясының соңғы деректері бойынша, Түркия жыл сайын 60 млн астам билет сатады. Онымен бірге прокаттық нарықтағы жергілікті өндірілген фильмдердің саны 57%, ал шетелде өндірілгендер, тиісінше, 43% құрды. Жергілікті кионотеатрлардағы түрік өндірістегі картиналардың саны релиздердің жалпы санынан орташа 20-25% құрады, дегенмен түрік картиналардың кассалық алымдарының жиынтық үлесі жартысына таяп келе жатыр. Яғни, түрік картинасы, тағы да орташа алғанда, өзінің американдық, еуропалық немесе азиялық үйлестіктерінен екі есе үлкен касса жинайды.

53. Түрік фильмдерінен кассалық алымдардың жалпы табысы 863 млн. түрік лирасына дейін жоғарлады, ал киноиндустрияның жалпы мөлшері 2017 жылы 3 млрд. түрік лираға дейін өсті. Түрік фильмдерінің бюджеттері миллиондаған долларға жетті, ал кино көрермендер саны миллиондарға жетті. 2005 жылы бүкіл Түркияда киноға 30 миллион шамасында билет сатылған, және де бұл сан 2017 жылы 71,1 миллионға дейін жоғарлаған.

54. *Тіл.* Осындағы нарық әзірші айтарлықтай жабық қалады дегенді көрсетіп беру қажет. Басқа елдермен қосалқы өнім туралы жасасқан келісімдерге қарамастан, Түркия ең алдымен жергілікті көрерменге бағдарланады. Түрік тіліне дубляждау өзінен-өзі түсінікті және міндетті болып табылады.

55. *Мемлекеттік қолдау.* Түркияның ерекшелігі болып бюджеттен тікелей қаржыландыруды ұсынатын және ақшалай қайтарылуын болжамайтын мемлекеттік қолдау жүйесі табылады, бұл Түркияны осы тәжірибе пайдаланылатын Еуропаның бірнеше елдерінің біреуіне айналдырады. Оған қоса, қолдаудың мемлекеттік жүйесі жанрлық ерекшелікке қатысты айтарлықтай кертартпа болады- мысалы, бұнда телевизиялық продюсерлер гранттар алуды көздей алмайды. Кинематографтың бас директоры деректі фильмдерді, қысқа

метражды фильмдерді және анимациялық фильмдерді өндіру бойынша жобаларды сценарийлерді зерттеу және әзірлеу үшін қолдайды.

56. Үкімет тарапынан аударылған маңызды назар және оның қолдауы сонымен қатар **кредиттер бойынша төмен пайыздық мөлшерлемелерде** және режиссерлер мен кинокомпаниялары тап болатын қаржылық қолдаумен инвестициялар үшін оңай жағдайларда айқын болады. Оған қоса, Мәдениет министрлігі түрік киносының әлемге ашықтығы мақсатында **Түрік фильмдер бірлестігін** құрды. Сонымен қатар Мәдениет министрлігі фильмдерді және жеке жобаларды өндіру үшін, және инфрақұрылымдық мәселелерді шешу үшін қаражат бөлді. 1990 жылы құрылған Кино кеңесі киноны өнеркәсіптік секторлар саласы ретінде қарастырды және жаңа салық мәмілені, әсіресе кинокомпаниялары үшін, талқылады. Жаңа мәнге ие болған басқа қырлар киноиндустрияда жұмыс істейтіндер үшін жаңа заң қатысқан пайдалы мәмілені, одан кейін бүкіл елде үлкен және ең жақсы кинотеатрларды ашу үшін ынталандырмаларды қамтыды. Түркияда жергілікті киноөндірісті қолдау 2005 ж. бастап мәдениет министрлігінің бөлімшесі арқылы жүзеге асырылады және оның мөлшері жылдан жылға комиссия іріктеген жобалардың санына байланысты өзгеріп тұрады. Осылай, 2013 ж. 141 киножобаға 10 млн. түрік лирасы бөлінді, бұл шамасымен 4,4 млн. АҚШ долларына баламалы. «Авторлық құқықтар және Киноның Бас дирекциясы», сонымен қатар «Кино мен музыкалық өнерді қолдау қоры» 1989 жылы құрылған болатын. Бұл қор киноиндустрияға қаржылық қолдау көрсету үшін пайдаланылады.

57. *Заңнама.* 1986 жылы кино туралы заң, сол кездің өнеркәсіп және киноиндустрия өкілдері тарапынан сынға алынған болса да, парламентпен қабылданды және сол кезден бастап Түркияда кино мәселелері бойынша негізгі заңнамалық құжат болып табылады. Жаңа заң кино мен музыкада жұмыс істейтіндерге қолдау көрсетуге бағытталған. Киноиндустрияның қайта ұйымдастырылуы мәселелерді шешу және оның дамуын қамтамасыз ету үшін 1987 жылы басталды. Мәдениет министрлігі дәл сол жылы «Түрік кино туындылары иелерінің кәсіпқой одағын» құрды. Мемлекеттік мүдде 1986 жылдың кино, бейне және музыка туралы жаңа заңдар, сонымен қатар өнерді, әсіресе кино мен музыканы, қолдау үшін арналған арнайы қорлар 1986 жылы күшке енгенде әсіресе елеулі болды.

58. 2004 жылы Кинофильмдерді бағалау, жіктеу және қолдау туралы №522 Заңды қабылдау түрік киносы үшін маңызды асулы кезең болды, өйткені бағалау мен жіктеудің халықаралық жүйесі, сонымен қатар көркем фильмдер мен киноиндустрияның басқа тарауларына көрсетілетін қолдау басталды.

Нәтижесінде жаңа спектакльдер мен түрік фильмдердегі кино көрермендерінің саны жоғарлады және сектордың жақсаруы анық көрінді.

59. *Цензура.* Туризм және мәдениет министрлігінің өкілдері картиналарды қысқартуға, тыйым салуға немесе кейінге қалдыруға құқылы, егер олар қандай болса да себептермен олар үшін қолайлы болып шықпаса. Провинциялар губернаторлары да, фильмдерді жергілікті кинотеатрларда көрсетуге өздерінің жеке ұнатымдарын есепке алумен рұқсат беріп, өздерінің үлестерін қосады. Өздеріне ұнамаған қандай болса да кинолентаны, оған ресми рұқсат шығарылған болса да, олар көрсетуге тыйым салу мүмкін.

60. Заманауи авторлық құқыққы Түркияда №5846 «Зияткерлік меншікті қорғау туралы» заңмен қорғалады. Түрік Республикасы заңнамасына сәйкес, плагиат және авторлық құқықтарды бұзу қылмыстық жауапкершілікке апарды. Киноиндустрия саласындағы ең маңызды оқиға болып Түркия парламентімен Зияткерлік меншік құқықтары туралы Заңға түзетулер енгізуді мақұлдау табылды. Заңға сәйкес, оқу сабақтарын кеңейтумен музыка, ғылым, әдебиет және бейнелеу өнер сияқты салалардағы жаңа жұмысты құру үшін өнердің басқа туындыларын пайдалану осы өнер туындыларының авторларының рұқсатымен жүзеге асырылады. Дыбыстық немесе әдебиет және көркем шығармалар жазылған бейне материалдарға міндетті түрде жолақтар енгізу қажет. Заң автордың рұқсатынсыз өнер туындысын өзгертетін адамдар қатаң абақты мерзіміне жазаланатын болатынын көздейді, олардың ең жоғарысы алты жыл, сонымен қатар 150 млрд. түрік лира мөлшеріндегі айыппұл болады. Радиохабар тарататушылар және телевизиялық хабар таратушылар авторлардан олардың туындылары берілу алдында жазбаша рұқсат алу қажет. Түзету Түркия парламентімен 2001 ж. 21 ақпанда мақұлданды.

61. Түркия- еуропалық “EurImage” және “Audiovisual Eureka” сияқты ұйымдар мүшесі. «Евримидж» немесе франц. «Евримаж» («Eurimages») - 1988 жылы Еуропа Кеңесі жанында құрылған және бүгінгі күнде оның қызметіне 33 ел қатысатын бірлескен киноөндірісті және кинематографиялық және дыбыстықбейне жұмыстардың прокатын қолдау қоры. Қордың штаб-пәтері Страсбург қ. орналасқан. «Евримаж» қызметінің бағыттары: 1. қосарлы өнімді шығаруда көмек; 2. картиналардың дистрибуциясында қолдау; 3. кинотеатрлық көрсетілімді қолдау; 4. фильмдерді сандық пішімге аударуға жұмсалған шығындарды ішінара өтеу. Бірлескен өндіріске демеу қаржы бөлуге мүшелік жарналардан алынатын қор қаражатының шамамен 90% жұмсалады. «Audiovisual Eureka» 35 мүше ел, қауымдастырылған мүшелер ретінде Еуропалық комиссия және Еуропа Кеңесі қатысатын жалпы еуропалық



үкіметаралық ұйым болып табылады. Audiovisual Eureka басты мақсаты - өңірдің кәсіпқойларына еуропалық дыбыс-бейне нарыққа жақсы *қолжетімдік* беру үшін құралды барлықтар үшін қолжетімді жалпы ережелер жиынтығымен ұсыну. Ол ең үздік еуропалық тәжірибелерге қатысты ноу-хау мен тәжірибе; нақты жобаларды құру арқылы дағдылар мен біліммен алмасуға толықтыруларды; және де бар еуропалық желілерге біртіндеп кіріктірілуді ұсынады. Түркияның 2000 жылы «Audiovisual Eureka»-да төрағашылығы еуропалық кино әлемге ерекше өткізгіш ретінде болды.

62. Түркияда кино саласында 21 білім беретін мектеп жұмыс істейді.

63. *Фестивальдар* - 1) Антальядағы «Алтын апельсин», түрік киноиндустриясының ең белгілі мәдени қызмет. 2) Измирдегі Халықаралық қысқа метражды фильмдер фестивалі; 3) Түрік киносының Лондон кинофестивалі; 4) 1959 жылы құрылған Түрік киноөнері қауымдастығы (TSSD) Түрік журналисттер қауымдастығымен бірлесіп «Түрік фильмдер фестивалін» ұйымдастырды.

64. *Сарапшылардың пікірі*. Түрік кинорежиссер және продюсер Осман Сынава айтуынша, түрік кинематографиясы халықаралық әйгілілікке ие болуға көңіл тоқтату қажет.

#### **IV. АНИМАЦИЯ мен ЗАҢНАМА МҮШЕ ЕЛДЕРІНДЕ**

##### **ӘЗІРБАЙЖАН**

65. Әзірбайжанда анимациялық фильмнің шығарылуы 1930-шы жылдардың басынан бастау алады. 1933 жылы «Әзірбайжанфильм» студиясының қызметкерлері Мәскеуден қажетті материалдарды сатып алды. Сол жылы олар техникалық анимацияны «Локбатан және мұнай симфониясы» деректі фильмдерді шығаруда пайдаланды. 1938 жылы «Ят» білімділік фильмі алғашқы толық өлшемді жұмыс болды.

66. 2000-шы жылдарда әзірбайжан анимациясы жаңа күйзеліске тап болды, өйткені Әзірбайжандағы барлық арналар бүкіл жобалар үшін қаржыландыруды кейінге қалдырды. 2018 жылы әзірбайжан анимациясына 85 жыл толды.

67. Қазіргі уақытта әзірбайжан балалары ресейлік, түрік және голливуд фильмдерінде өседі, ал тұлғаның және ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы үшін өскелең ұрпаққа туған тілдегі мультфильмдер қажет.

68. Сарапшы Джамила Бабаева жасөспірім ұрпақ Джиртдан және Тик-Тикханым сияқты ұлттық анимациялық кейіпкерлерді білулері екіталай деп санайды. Спанч

Боб, Өрмекші Адам, Маша мен Аю, Том мен Джерри, Шрек олардан шегінген. Осы тақырыпты сонымен қатар жас режиссер-аниматор Сұлтан Аббасбейли қозғады. Оның әлеуметтік роликінде кішкентай ұл бала көрермендерге ұлттық анимацияның дамуының маңыздылығын түсіндіреді. «Басты сеанс алдында әлеуметтік роликтерді көрсету – қазір Батыста кеңінен таралған айтарлықтай тәжірибе», - деп айтады Р. Ағамалиев. Р. Ағамалиевтың айтуынша, жоғарыда аталған әдістердің көмегімен отандық анимацияны қалпына келтіруге болады. Дегенмен осымен бірге жаңа мультфильмдерді шығару қажет, ал бұл үшін осы салада дамуды қалаған жастарды, оларды шетелге бейінді білім алулары үшін жіберіп, қолдау қажет болады. Сонымен қатар елді кино мен анимацияға демеушілік ететін жеке меншік және шетел қорлар болу қажет.

69.Егер 2013 жылы Әзірбайжанда тек қана екіден үшке дейін анимациялық фильмдер іріктелген болса, онда қазіргі уақытта бестен алтыға дейін анимациялық фильмдер дайындалады- олардың кейбіреулері үш өлшемді пішімде. Әзірбайжанның үш өлшемдік пішімде орындалған тұңғыш ұлттық анимациялық фильмі «Джиртдан және Тапагоз» 2012 жылы шығарылған.

70.Әзірбайжанда ұлттық анимациялық фильмдерінің жетіспеушілігін түсіндіріп, «Азанфильм» студия директоры Фариз Ахмадов анимация индустриясында, басқа дыбыс-бейне салалармен салыстырғанда, барлығы нөлден құрылған. «Ұзақтығы 8-10 минут құратын анимациялық фильмді жасап шығару үшін жеті-он ай қажет. Анимация- жұмсалған қаражат фильмнің ұзындығы бойынша өлшенетін жалғыз сала. Оның айтуынша, фильмнің минутасы 10. 000 манаттан кем тұрмайды.

71.*Кадрлық мәселелер*- «Азанфильм» студия директоры Фариз Ахмадов анимация индустриясында жұмыс істейтін адамдардың үстіртін білімдері Әзірбайжанда кейіпкерлердің - ұлттық кейіпкерлердің жетіспеушілігінің негізгі себептерінің бірі деп санайды. Әзірбайжанда білікті қызметкерлер құрамын оқыту үшін арналған орта немесе жоғары оқу орыны жоқ. Анимациялық индустриямен айналысатын адамдар - олар кеңес кезеңінде білім алғандар. Мәдениет министрлігі ресейлік немесе шетел университеттерінде тиісті білім алуды қалаған жас адамдарды қолдайды. Ол министрлік анимация саласында бірнеше оқу курстарын жүргізеді дегенді қосты. Мәдениет және туризм министрлігінің бөлім бастығы Юсиф Шейксов, өз тарапынан, Әзірбайжанда анимациялық фильмдердің өндірісі жоғарлайды деп айтты. Қызықты идеялар, қорлар және кәсіпқой қызметкерлер құрамы осы саладағы негізгі құрауыштар болып табылады. Оның ойынша, Министрлік мамандарды даярлауға және жас аниматорларды оқыту үшін шетел мамандарды тартуға ерекше назар аударады.

72. *Анимациялық студиялар* - «Azanfilm», «Birlik», «Sultan», «Qurama», «Harmony of Chaos».

## **ҚАЗАҚСТАН**

73. Қазақ аниматорлары саланың 50-жылдығын 2017 жылы Аман Хайдаровтың «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» атты мультфильмімен атап өтті.

74. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қазақ анимациясы толқын тәрізді дамып келе жатыр. 90-шы жылдардан 2000-шы жылдарға дейін бір де бір мультфильм шығарылмады деп айтуға болады. 2000-шы жылдан бастап отандық анимацияның қайта қалпына келуі басталды. 2009 жылдан бері 36 қысқа анимациялық фильм, сонымен қатар алғашқы толық метражды «Ер-Төстік» және «Айдархан» мультфильмі шығарылды. 2017 жылға таман, 50-жылдық қарсаңына, аниматорлар тағы бір толық метражды «Мұзбалақ» мультфильмін дайындап шығарады. Қазақстан азаматтарын ірі тұсаукесер күтіп тұр- аниматорлар 2018 жылы шығатын «Күлтегін» толық метражды мультфильмді дайындап жатыр (түркі мемлекеттің қалыптасуы туралы).

75. Қазақстандық телевидениеде отандық мультфильмдерде үлкен мүдделігі бар. «Балапан» арнасы ашылды, эфир уақытын толтыру қажет, бұл үшін шығарылатын өнімнің көлемдерін бірнеше есе жоғарлату қажет, ең алдымен бұл үшін қазіргі уақытта жеткіліксіз болатын білікті мамандар қажет. Жәкен Дәненов, Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ «Анимациялық кино» ЖШС басшысы, анимациялық фильмдермен жұмыс істеу үшін жақында ғана барлық жағдайлар жасалды деп айтады: үй-жай дайындалды, жабдық сатып алынды. Қаржыландыру жылына бес-алты қысқа метражды мультфильмдерге есептелген көлемде 2010 жылы басталды.

76. Өз тарпынан Қазақстан кинематографшылар қауымдастығының президенті Ғали Мырзашев қазақстандық анимация қайта өркендеу дәуіріне жету үшін талай уақыт керек деп санайды. Оның айтуынша, төрт доңғалағы бар әрекет етуші машина қажет: сценарийлік пакет, бейнелеу және нобайлар. Үшіншісі- ол өндірістік цехтер, смета және өндірістік қатынастар. Және төртінші доңғалақ- ол фильмдер жіберілетін постпродакшен. Оның ойынша, тек қана осындай тәсілдермен өз елі арасында нарықты жасауға болады.

77. *Кадрлық мәселелер.* «Қазақфильм» АҚ «Анимациялық кино» ЖШС басшысы, Жәкен Дәненовтың айтуынша, мемлекет анимацияны қайта қапына келтіруге көп қаражат салғысы келетін болса да, студия мамандардың жетіспеушілік себебінен оларды меңгере алмайды. Оқыту үшін тиісті жоғары технологиялық база қажет. Анимациялық бағдарламалардың құны да аз емес (біреуінің құны миллион теңге шамасында болу мүмкін). Жалпы анимацияны дамыту үшін, әрине, кадрларды

даярлауға қатысты да, өндірістік базаны кеңейтуге қатысты да мемлекеттік тәсілдеме талап етіледі. Және де ең басты шарт- Қазақстанның болашақ азаматтарын- өскелең ұрпақтарды тәрбиелеу ісіндегі осы маңызды саланы тұрақты қаржыландыру. Оның айтуынша, Қытайда, мысалы, өзінің орасан зор студиясы, білім беру академиясы, кинотеатрлары мен негізгі тұрғындары және құрушы аниматорлары бар тұтас аниматорлар қалашығы ашылады.

78. *Анимациялық студиялар.* Сахнаға шағын студиялар шығады. 1) **AsiaAnimation** студия басшысы Артур Краус бүкіл мультипликаторлар жұмыс істейді деп санайды. Алдар Көсе бойынша сериал жасалды, 85 серия. 40 сериялық қазақ ертегілері жұмыс процесінде. Дискілердің сатылуға шығарылымы жүзеге асырылуда, қазақстандық арналар осы студияның мультфильмдерін көрсетеді. 2) Эрнар Құрмашев, кино және анимация продюсері, «**Kazakhstan Computer Graphics**» ЖШС директоры 2008 жылы бейне әсерлерді және 3D анимацияны өндіру бойынша компания құрды. Сәл кейінірек ол грант алу мүмкіндігі туралы білді, инновациялық қызмет субъектісі мәртебесін алуға және резиденттер үшін арнаулы жеңілдіктері бар «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы болуға сәті түсті. Қазір компания қазақстандық анимация нарығында көшбасшы болып табылады және Ақан Сатаевтың «Анаға апарар жол» картинасына бейне әсерлерді жасап шығарды. Компания «Еуразиялық көпір» халықаралық кинофестивалінің гран-приіне ие болды. 3) сонымен қатар анимация өнерімен айналысады: «**Аниматор Pro**», «**Сак**», «**Жебе**», **Asiaanimation**, **AstanaFilm**, **Epic** және басқалар. Жалпы санда бұл жасампаз бірлестіктер жылына 15 мультфильмнен сәл көбірек шығарады, бұл 16 миллионнан астам халқы бар елдің ақпараттық сұранымдарына мүлде сәйкес келмейді.

79. 10-минуттық бір мультфильмді шығару үшін 1-12 ай кетеді, 15 миллион теңге жұмсалады. Фильм режиссерінің жалақысы онда тек қана 90 мың теңге құрады (бағам бойынша 200 еуро шамасында). Бюджеттің 35% жалпы студиялық шығындарға жұмсалады. Дегенмен 15 адамнан тұратын ұжымның жылына 6-7 қысқа метражды мультфильм шығаруға күштері жетуші еді. Егер осыған «Қазақфильммен» бірге жұмыс істейтін студиялардың жұмыстарын қосатын болсақ – ол «АниматорПРО» (Алматы), «Сак» (Шымкент) және «Астана жастар студиясы» (Астана), - онда 2,5 сағатқа дейінгі анимациялық өнім шығу мүмкін. Ж. Дәненовтың пікірінше, бұл аздау болады, өйткені анимацияны дамыту үшін толық метражды фильмдердің үзіліссіз ағыны қажет, бір сағаттық мультфильмнің өндірісі үштен төрт жылға дейін созылады ғой. Үзіліссіз процесс мамандар жұмыссыз жарты жалдап бос тұрмауы үшін қажет, өйткені

қаржыландыру бюджеттен жүргізіледі, ақша тек қана мамырда түседі – жарты жылдық бос тұру дамуға кері әсер тигізеді, кадрлар жоғала бастайды.

### **ҚЫРҒЫЗСТАН**

80. Алғашқы «Цифралар дауласады» мультфильмнің шығарылуынан кейін (реж. Сағын Ишенов) 1977 жылы «Қырғызфильм» мультфильмдер мен анимациялардың азғантай ғана көлемін шығарды, бірақ өндіріс 90-шы жылдардың басында тоқтап қалды. 18 жыл ішінде (1977-1995) 30-ға жуық мультипликациялық фильмдер шығарылды, олардың көп бөлігінің негізі болып қырғыз авторлардың туындылары немесе қырғыз ұлттық эпостар табылады.
81. Қазіргі кезде мультфильмдер көбінесе гранттық қаражаттарға жасалады. Мысалы, кеңінен танымал «Керемет Көч» («Ғажайып саяхат») балалар мультфильмі 2006 жылы Қоғамдық телеарнада ЮНИСЕФ және басқа халықаралық ұйымдардың қолдауымен балаларды дамыту бойынша бағдарламаның аясында шығарылған болатын. Мультфильм кейіпкерлері Ақтан мен Ақылай өздерінің досы күре Тақтаймен бірге балаларға қоршаған ортаның құрылымы туралы әңгімелейді, оларды гигиена негіздеріне, жүріс-тұрыс ережелеріне үйретеді және ықылас пен төзімділік тәрбиелейді. Мультфильм қырғыз тілінде шығарылады. «Керемет Көч»-тен басқа, әртүрлі ҰЕҰ қолдауымен Қоғамдық арна базбасында өндірілетін «Китеп дүйнөсүнө саяхат» («Кітаптар әлеміне саяхат») атты мультфильм де қырғыз балалары арасында кеңінен танымал. Қырғыз тіліндегі осы анимациялық жобаның мақсаты - балаларда кітап оқуға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. 2014 жылы Қырғызстанда прокатқа орыс және қырғыз тілдерінде «Айтыш фильм» жеке меншік студияның базасында шығарылған алғашқы толық метражды «Аку» анимациялық таспасы шықты
82. *Кадрлық мәселелер.* Қырғызстандағы мультипликацияда, қаржыландыру мәселесінен басқа, кадрлардың жетіспеушілігі бар. Өнер институтында мультипликаторларды дайындамайды. Осы салада қазірге кезде жұмыс істейтіндер не Ресейде білім алған, немесе бір кездерде Ресейде оқығандардан тәжірибе алып үйренеді.
83. *Анимациялық студиялар:* 1) «**5 саусақ**» Студиясы— телевизиялық өнімдерді өндіруде мол тәжірибелері бар жас және өршіл жас мамандар жұмыс істейтін толық циклдік өндірістік компания. Олардың «Рухтары қуаттылар қабырғадан да мықты» атты жұмысы - рунетте кеңінен таралғанға айналған отаншылдық ролик. Оны шығаруда 8 адам үш ай ішінде жұмыс істеген. 2) «**BIGIM**» Студиясы классикалық суреттеп салынған 2D-анимация стилінде «Эр-Тоштук» халық эпосының бір жарым минуттық трейлерін шағарды. Трейлерді жасағанда 13 адам үш ай бойы жұмыс істеді. 3) «**705**» Шығармашылық тобы да анимацияға назар

аударуды жақсы көреді. Анимация арқылы осы «көшпелі театр» жастары өздерінің әлемді көркемдік көруін білдіреді. 4) Басқа «**Айтыш фильм**» студиясы Ғаламторда тауып алу қиынға түсетін көбінесе қырғыз тіліндегі жеке мультфильмдерді шығарады - «Аяныш» («Жалқау»), «Үңгірдегі аждаһа», «Қиылыспайтын жолдар», «Гуіл». Осы студияның ең кең таралған мультфильмі болып махаббаттың көңіл шерін қозғайтын оқиғасы туралы мазмұндайтын «Ақу» табылады 5) **Институт Медиа Полиси КЕҰ «I-Media» компаниясымен бірлесіп** «Бештентек» (аудармада – «Бес тентек») сериясын шығарды- қырғыз тілінде орыс субтитрлермен. Мультфильмнің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттаушылығы бар.

### **ТҮРКИЯ**

84. Түркияның анимациялық индустриясы өркендеуде. Елде 30-дан астам анимациялық студия, ұзын анимациялық әсерлері бар 13 анимациялық фильмді және анимацияға арналаған төрт фестивалі бар.
85. «AnimaIstanbul» иесі және директоры Мехмет Куртулуш Түркия анимациясының коммерциялық индустриясы Германиядағыдан үлкен деп айтты. Оның айтуынша, орташа анимациялық компания жылына жүзден астам жарнамалық роликтерді шығаратын жүзден артық штаттық қызметкерлерді жұмысқа жалдайды.
86. Түркияның телевизиялық индустриясы біршама тұрақты. Онда түрік тілінде құрылған және түрік мәдениетін көрсететін олардың анимацияланған контентінің заң бойынша кем дегенде 20%-ын талап ететін балалар үшін арналған 17 ұлттық желі бар. Түрік контентіне сұраным жас аниматорларға жұмыс табу және елдегі анимация индустриясында тәжірибе алу мүмкіндігін, сонымен бірге студиялар үшін жұмыстардың үнемі ағынын қамтамасыз етіп, береді.
87. Сонымен қатар түрік телевизиялық анимацияның өсу әлеуетіне кедергі жасайтын ықпалдар бар. Біріншіден, түрік телеарналары үлестіруге және бірлескен өндіруге кедергі жасап, оларға тиесілі серияларға айрықша құқық талап етеді. Бұндай шектеулер бюджеттердің және өндірістік көрсеткіштердің жоғарлату мүмкіндігін жояды, тым болмағанда, жергілікті пайдалану үшін өндірілген контент үшін.
88. Түркия- ол көбінесе Батыс Азия мен Оңтүстік-Шығыс Еуропада орналасқан трансконтиненталдық ел. Елде жоғары сапалы шоуларды сервистік қызмет көрсету жолымен немесе шетел инвестицияларын тарту үшін өзінің меншікті ІР әзірленімі арқасында құру үшін бірегей мүмкіндігі бар. Қызметке көрсету тұрғысынан Түркияның үлкен артықшылығы бар: ол баға бойынша шығысаялық сервистік студиялармен бәсекелесуге қабылетті, және де қалған

Еуропадағы ұқсас байланыстың бірқатар стандарттары бар анимациялық өндірісті ұсына алады.

89. *Анимациялық студиялар.* Елде қазіргі уақытта 30-дан астам анимациялық студия болып есептеледі. Олардың ең ірілері: 1) **AnimalIstanbul**, өзінің меншікті IP-мекенжайын басқыншылықпен жылжытады, анимациялық жобалармен Қытаймен бірлесіп жұмыс істейді, 2) **ASIFA Turkey** компания директоры Берат Илк тек қана Еуропа мен Азияға емес, сонымен қатар Африкаға да, өсіп келе жатқан нарыққа, жақын Түркияның географиялық артықшылығының маңыздылығын баса айтады. Басқа жағымды қыры болып ел халықты табылады.
90. *Білім беру және анимация бойынша курстар.* Компьютерлік анимацияға үйрету өзінің студиясы үшін дарындарды дамыту мен оқытуға бағытталған академияны құрған Kurtuluş AnimalIstanbul студиясынан итермелеуші күш алған. Сол арада, бірнеше түрік университеттері (Ясар Университеті, Стамбул Айвансарай университеті, Стамбул Айдын университеті, Башкент Университеті) қолдайтын бағдарлама, «CanlandırınlarTalentCamp», қысқа метражды киноөндірісте мүдделі шеберлерді оқытуға мүмкіндік береді. Көптеген түрік университеттері (мемлекеттік, сонымен қатар жеке меншіктер де) студенттермен алмасудың панеуропалық бағдарламаларына («Сократ», «Эразм» және басқ.) қатысады. Олардың кейбіреулерінің сонымен қатар еуропалық емес университеттермен келісімдері бар.

## **V. ТҮРКПА МҮШЕ ЕЛДЕРІНІҢ КИНО мен АНИМАЦИЯ саласындағы ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ. ҚОРЫТЫНДЫЛАР**

91. Елдер арасындағы ынтымақтастықтың қажеттілігі ортақ ақпараттық және әлеуметтік-мәдени кеңестікті дамытудың тәсілі ретінде құпталады. Сонымен бірге ТҮРКПА әр мүше елінің мәдени құндылықтарын және ұлттық дәстүрлерін өзара құрметтеу ахуалда сақтау аса маңызды.
92. Елдер арасында кино мен анимация саласындағы ынтымақтастық түркі тарихи және мәдени мұрасының сақталуына жағдай жасау мүмкін болады.
93. ТҮРКПА мүше елдері ТҮРКПА қатысушы елдерінде ұрпақтардың мәдени сабақтастығын сақтауға мүмкіндік тудыратын жаңа төрт жақты тұжырымдамаларды олардың аймақтарында жоғары сапалы кино мен анимацияларды шығару жолымен әзірлеу мүмкін.

94. Оған қоса, кино мен анимация саласындағы ынтымақтастықтың ТҮРКПА қатысушы елдерінің халықаралық фестивальдардағы халықаралық беделін нығайту үшін орасан зор әлеуеті бар.
95. Мемлекеттік және меншікті мүдделер арасындағы сәтті ынтымақтастыққа жетуге болады. Бұл тұрғыдан, Түркияның осы саладағы жетекші өңірлік орынын және мемлекеттік қолдау тұрғысынан сәтті түрік тәжірибесін ескере отырып, түрік заңнамалық тәжірибені және кино мен анимацияны қолдау бойынша барлық ұлттық бағдарламаларды терең зерттеу қажет. Осыған орай ТҮРКПА мүше елдері Хатшылыққа заңнамалық құжаттарды осы саладағы құжаттарды электронды жинау мен салыстырмалы талдау үшін жібере алады.
96. Мүше елдер арасында заңнамалық деңгейіндегі үйлесім келешекте келесі тақырыптарды зерттеп, анықтау мүмкін еді: салық жеңілдіктері (кинематографшылар, дистрибьюторлар мен жалға алушылар үшін, сонымен қатар бірлескен өндіріс үшін), жерлерді пайдалану (локацияларды жалға алу), фильмдер мен мультфильмдерді бірлесіп шығаруды қорландыру, қолдаудың төрт жақты бағдарламалары, бірлескен білім беру жобалары, арнайы экономикалық аймақтар ретінде мүше елдердің аймағында мамандырылған түркітілдес кампустарды құру, төрт жақты дистрибьюторлық компаниялар. Сонымен қатар түркітілдес кинофестивальдердің тұжырымдамаларын әзірлеу қажет.
97. Түркі мәдениет мұрасы шегіндегі «Кино мен анимация саласындағы заңнама» семинары ТҮРКПА Хатшылығымен Қырғызстанның Жоғарғы Кеңесінің қолдаумен Бішкекте 2018 жылғы 13-14 қыркүйекте өткізілді. Семинар министрліктер өкілдері, кинематографшылар және аниматорлар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуда маңызды рөл атқарды. Мүше елдердің сарапшылары кездесіп, бір-бірімен пікірлерімен және ақпаратпен алмасты.
98. Болашақ ынтымақтастықтың маңызды бөлігі болып ТҮРКПА қатысушы елдер арасындағы салық саясатын жеңілдету идеясы табылады. Бұл тәжірибе АҚШ-да, Францияда, Германияда, Ресейде, Ұлыбританияда, Қытайда және басқа елдерде әрекет етеді. Еуропа елдерінің «EurImage» ұйымның платформасында өңірлік ынтымақтастықтарының кейбір қырлары талдану мүмкін және түркітілдес елдердің болашақ ынтымақтастығында пайдалы болу мүмкін. Еуропа елдері еуропалық мәдени құндылықтарды сақтап қалу мақсатында қордың қолдауымен бірлескен өндіруді ынталандырады. Бірлескен өндіріс үшін қаншалықты мықты бағдарламалар болса, түркітілдес елдердің аймақтарында фильмдерді шығару үшін инвестициялық саясат соншалықты тартымды болады.



99. Анимациядағы бірлескен өндірістің де сонымен қатар келешегі бар. Бұл барлық төрт Тараптың төрт тілде бір мультфильмді шығару болу мүмкін, осылай балалар түркі мәдениет мұрасының мазмұнын жете түсіне алатын шығар.
100. Егер студиялар жұмыстарын жақсартқысы келсе, оларға анимациямен байланысты белгілі салалардағы мықтылау білім беру инфрақұрылымды құруды қолдау қажет.
101. ТҮРКПА мүше елдері арасында заңнамалардың үйлесім үдерісіне жаңа итермелеуші күш беру үшін Комиссия ТҮРКПА Хатшылығында кино мен анимация саласындағы бүкіл заңнамалық құжаттармен жинақтау хаты құру дайын екендігін білдірді.



